

«West Dala» ЖШС корпоративтік басылымы

WEST DALA NEWS

НӨМІРДЕ:

ЭКОЛОГИЯ

2 бет

ІС-ШАРАЛАР

3-4 бет

WEST DALA
ЖӘНЕ
ҰИМХТ АЭА

5 бет

БІЛІМ

6 бет

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ
ЖӘНЕ
ДЕМЕУШІЛІК

7 бет

КОМПАНИЯНЫҢ ТУҒАН КҮНІ

«West Dala» ЖШС 2005 жылы 18 шілдеде Атырау облысында құрылды және 21 жыл бойы Компания Қазақстан Республикасында қалдықтарды кешенді басқару саласында жетекші орынға ие болып келеді.

Бүгінде West Dala өз қызметін Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында жүзеге асыруда. Компания клиенттерге қалдықтарды басқарудың стандартты тәсілдерін ғана емес, сонымен қатар сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы заңнама талаптарына толық сәйкес келетін, клиенттің нақты шарттары мен тілектеріне негізделген жеке шешімдерді әзірлеуді ұсынады.

West Dala — «KazWaste» қалдықтарды басқару жөніндегі қазақстандық қауымдастығының, «KazService» Қазақстанның мұнай сервистік компаниялары одағының, «PetroCouncil» Қазақстан мұнай-газ кеңесінің және Италия-Қазақстан сауда қауымдастығының (АСІК) мүшесі. Сондай-ақ, Компания БҰҰ Жаһандық шартына — орнықты даму саласындағы жетекші ерікті бастамаға қосылды. 2023 жылдан бастап Компания тұрақты дамуға жағдай жасайтын, оның тартымдылығын арттыратын және компанияның қатысу аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін ұлғайтатын ESG-трансформациясын жүргізіп келеді. West Dala жыл сайын орнықты даму туралы есеп



жариялайды, сондай-ақ 2024 жылы Компания қалдықтарды басқару саласындағы қазақстандық кәсіпорындар арасында бірінші болып «S&P Global» халықаралық агенттігінен ESG-рейтингін алды.

2025 жылы West Dala Кешенді технологиялық аудиттен (КТА) өтті және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) қатысушы елдерде, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылатын ең үздік қолжетімді техника қағидаттарына 51% деңгейінде сәйкестік бағасын алды.

Бүгінгі таңда West Dala өзінің алты өндірістік нысанын басқарады. Олардың барлығы қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы ҚР заңнамасының талаптарына қатаң сәйкес жобаланған және салынған.

Осы объектілерде қолданылатын жабдықтар мен технологиялар халықаралық техникалық стандарттарға толық сәйкес келеді. Компанияның барлық өндірістік нысандарында ISO 9001:2015, ISO 14001:2015 және ISO 45001:2018 халықаралық стандарттарына, оның ішінде ИМЖ мен оның бизнес-процестерін нәтижелі жоспарлау, жұмыс істеуі, басқаруы және ұдайы жетілдіруі үшін қажетті ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес интеграцияланған менеджмент жүйесі (ИМЖ) жұмыс істейді.

Компания басшылығы әріптестерін Компанияның алдағы туған күнімен құттықтайды және жобаларды іске асыруда одан әрі өркендеуді, ал әрбір қызметкерге — мықты денсаулық, отбасылық бақыт пен бақ-береке тілейді!

КОМПАНИЯДАҒЫ ЭКОЛОГИЯ

Экологияға қамқорлық — бұл West Dala қызметінің негізі. Ең алдымен, біз экологиялық талаптардың қатаң сақталуын және компанияның барлық жобаларын іске асыру үшін рұқсат беру құжаттамасының уақтылы рәсімделуін қамтамасыз етеміз.

Компанияның экологтары күнделікті негізде қалдықтарды қабылдау және қайта өңдеу, қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыру және өткізу, өндірістік



объектілердің ағымдағы экологиялық жай-күйіне мониторинг жүргізу, ықтимал бұзушылықтарды анықтау және қажетті табиғат қорғау іс-шараларын айқындау жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізеді. Біздің экологтар қызметінің маңызды бағыттары — Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексын жетілдіруге қатысу және қалдықтарды басқару саласындағы бизнес-ортаны жақсартуға әрі дамытуға бағытталған бастамаларды ілгерілету болып табылады.

Компанияда қоршаған ортаны қорғау саласындағы корпоративтік қағидаттар мен міндеттемелерді айқындайтын Экологиялық саясат бекітілді. Оның ережелерін барлық



қызметкерлер, құрылымдық бөлімшелер, сондай-ақ West Dala мердігерлері мен қосалқы мердігерлері орындауы міндетті.

West Dala өзінің бизнес-моделіне ресурстарды ұтымды пайдалануға, жаңартылатын өндіріс пен тұтынуға, қалдықтардың пайда болуын азайтуға және қоршаған ортаға теріс әсерді төмендетуге негізделген айналмалы экономикасы принциптерін енгізуге тырысады. Бүгінгі таңда Компаниядағы экологиялық тұрақтылық көміртегі ізін басқаруға, қалдықтармен жұмыс істеуге, энергияны үнемдеуге және саналы тұтыну мәдениетін қалыптастыруға жүйелі көзқарас есебінен қамтамасыз етіледі.



ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

Сенбіліктер уақыты басталып, 11 сәуірде West Dala компаниясының қызметкерлері Маңғыстау облысының Экология департаментінің Ақтау қаласының аумақтарын жинау жөніндегі акциясына, сондай-ақ Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Атырау қаласындағы Жеңіс саябағының аумағын жинауға және абаттандыруға қатысу ұсынысына қосылды. Аталған іс-шаралар Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық науқаны аясында өткізілді.

West Dala әрқашан осындай акциялардың құндылықтарын қолдайды және экологиялық жобаларға үнемі белсенді қатыса отырып, қоршаған ортаны қорғауға

жауапкершілікпен қарайды. Мысалы, 25 маусымда Атырау облысы бойынша Экология департаменті кәсіпорындарды Атырау шағын ауданына шығатын жағалауды тазарту бойынша сенбілікке қатысуға шақырды.



Ертеңгі экологиялық болашақ бүгінгі жауапты шешімдерден басталады және біздің әрбір қадамымыз — болашақ ұрпақ үшін тұрақты орта қалыптастыруға қосқан үлесіміз.



GEWR'26

«West Dala» ЖШС 2–3 шілдеде Астанада өткен «Жасыл энергия және қалдықтарды қайта өңдеу» (GEWR'26) X Еуразиялық бизнес-форумына қатысты. Бұл — Орталық Азиядағы қалдықтарды басқару және жасыл экономиканы дамыту саласының болашағын талқылауға арналған ең ірі алаң. GEWR'26 алаңында мемлекеттік органдардың, бизнестің, халықаралық ұйымдардың өкілдері мен сарапшылар Орталық Азияда айналым экономикасын дамыту, инвестициялар тарту, инновациялық технологияларды енгізу және қалдықтарды басқару жүйесін трансформациялау үшін практикалық шешімдерді талқылады. Форум бағдарламасында пленарлық пікірталастар мен сессиялардың келесі тақырыптары қарастырылды:

- қалдықтарды басқарудың халықтың денсаулығына әсері және адамның қолайлы қоршаған ортаға құқығын қамтамасыз ету;
- айналым экономиканы және тұрақты жобаларды дамытудың қаржылық тетіктері мен экономикалық құралдары;
- өңірлік, экономикалық және институционалдық ерекшеліктерді ескере отырып, Орталық Азиядағы қалдықтарды басқару жүйелерін трансформациялау;
- қалалардың тұрақты дамуы және әртүрлі қалдықтар ағындарын

кешенді басқару;

- айналым экономика шеңберінде электрондық қалдықтарды басқару және оларды қайта өңдеу жүйелерін дамыту;
- климаттық күн тәртібі және қалдықтар секторындағы парниктік газдар шығарындыларын азайту;
- кәсіпкерлік, ESG және қалдықтарды басқару саласындағы инновацияларды коммерцияландыру.

Форумның тақырыптары әсіресе Мемлекет басшысының қалдықтарды қайта өңдеу инфрақұрылымын дамыту, сұрыптау қуатын ұлғайту және заманауи полигондар салу бойынша қойған міндеттері аясында өте өзекті. Бүгінгі таңда қалдықтармен жұмыс істеу мәселелері тек экологиямен ғана емес, сонымен қатар халықтың денсаулығымен, қалалардың дамуымен және тұрақты экономикалық өсіммен тікелей байланысты.

Waste Management Awards (WMA) 2026 марапаттау рәсімі барысында West Dala компаниясы кезекті рет өз мәртебесін растап, «Өнеркәсіптік қалдықтарды басқару саласындағы көшбасшы» номинациясының жеңімпазы атанды. Бұл — қалдықтарды басқарудағы ең үздік жетістіктер мен инновацияларды мойындайтын тәуелсіз қоғамдық марапат. KazWaste қауымдастығының

бастамасымен өткізілетін бұл іс-шара 2018 жылдан бері екі жылда бір рет GEWR бизнес-форумы аясында өткізіліп келеді.



ИНВЕСТИЦИЈАЛЫҚ ФОРУМ



2026 жылғы 26 маусымда Орал қаласында West Dala компаниясы «Өңірдің болашағы: Даму стратегиясы» атты II өңірлік инвестициялық форумға қатысты. Іс-шараны Қазақстанның мұнай сервистік компаниялар одағы «KazService», «Karachaganak Petroleum

Operating B.V.» (КРО) компаниясымен бірлесіп, Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырды.

Форум аясында компания өкілі:

- Мемлекеттік органдар мен ірі мұнай-газ компанияларының басшылары жиналған пленарлық сессияға;
- «Өңірдің инвестициялық әлеуеті» тақырыбындағы панельдік сессияға;
- ынтымақтастықтың негізгі бағыттары бойынша өткен B2B кездесулеріне қатысты. Сонымен қатар, West Dala форум

қатысушыларына өз қызметін таныстырып, іскерлік бағдарлама барысында компанияның ақпараттық бейнеролигін ұсынды.

Компанияның негізгі қызметі Атырау және Маңғыстау облыстарында жүзеге асырылады. Соған қарамастан, West Dala серіктестік аясын кеңейтуге әрдайым ашық және қалдықтарды басқару мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы заманауи шешімдерді ұсына отырып, Батыс Қазақстан облысының экологиялық дамуына өз серіктестерімен бірге үлес қосуға дайын.

RES 2026 EXPO



«West Dala» ЖШС Астанада 22–24 сәуір аралығында Орталық Азияның өңірлік экологиялық саммиті аясында

өткен «RES 2026 EXPO» халықаралық көрмесінің ресми серіктесі болды. Іс-шара Орталық Азиядағы орнықты даму мәселелері бойынша диалог үшін негізгі алаңға айналды. Бұл кәсіби форум экологиялық трансформацияның озық технологиялары мен инновациялық шешімдерін көрсетті.

Көрмеге мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың, бизнестің, қаржы институттарының, ғылыми және сараптамалық қоғамдастықтың

өкілдері қатысты. Көрмеде 8 тақырыптық аймақ ұсынылды: жасыл энергетика және декарбонизация, су ресурстары және ағынды суларды тазарту, айналмалы экономика және қайта өңдеу, ақылды қалалар және тұрақты инфрақұрылым, климаттық технологиялар және көміртекті басқару, биоәртүрлілік және экожүйені қалпына келтіру, агротехнология және азық-түлік жүйелері, ESG және жасыл қаржыландыру.

БҰҰ ЖШ ЕСЕБІ

2023 жылы West Dala тұрақты дамудың жетекші ерікті бастамасы — БҰҰ Жаһандық шартына қосылды және жыл сайынғы прогресс туралы есепті (*Communication on Progress* —

CoP) толтыруға кірісті. Бұл құжатта Компания БҰҰ Он қағидатын және орнықты даму мақсаттарын енгізу бойынша өз нәтижелерін көрсетеді. Ағымдағы жылы прогресс туралы

есеп 2026 жылдың маусымында сәтті ұсынылды.



Бұл ай тағы бір маңызды іс-шарамен ерекшеленді: 5 маусымда Алматыда БҰҰ Жаһандық шартының Орталық Азиядағы алғашқы кеңсесі ашылды. Жаңа аймақтық кеңсе бизнесті БҰҰ-ның адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы он негізгі қағидатына сәйкес шоғырландыруға бағытталған. Платформа жеке секторға халықаралық комплаенс-тәжірибелерге және орнықты даму мақсаттарын іске асыру құралдарына айрықша қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, кеңсе серіктестіктерді дамытумен, тәжірибе алмасумен және өңірдегі компаниялар арасында халықаралық үздік тәжірибелерді ілгерілетумен айналысатын болады.

ҚАЙТА СЕРТИФИКАТТАЛҒАН ISO АУДИТІ

2026 жылдың мамыр айында West Dala компаниясы жыл сайынғы ISO қайта сертификаттау аудитінен өтті. «INTERTEK International Kazakhstan» компаниясының аудиторлар тобы жүргізген аудит нәтижелері бойынша «Өндірістік объектілерді пайдалану

және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді қоса алғанда, қалдықтарды басқару» саласындағы «West Dala» ЖШС-нің интеграцияланған менеджмент жүйесі (ИМЖ) ISO 9001:2015 «Сапа менеджменті жүйесі», ISO 14001:2015

«Экологиялық менеджмент жүйесі» және ISO 45001:2018 «Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі» халықаралық стандарттарының талаптарына толық сәйкес деп танылды.

WEST DALA ЖӘНЕ ҰИМХТ АЭА

2018 жылдан бастап «West Dala» ЖШС өндіріс және тұтыну қалдықтарын кешенді басқару бойынша қызметтер көрсете отырып, «ҰИМХТ» АЭА (Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі арнайы экономикалық аймағы) қатысушыларымен ынтымақтасады. Компания экологиялық қауіпсіздікті және

жобаларды іске асырудың барлық кезеңдерінде — құрылыстан бастап нысандарды пайдалануға дейін өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ете отырып, қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қабылдауды, сақтауды және қайта өңдеуді қамтитын қызметтердің толық циклін ұсынады.

Іске асырылған жобалар мен ынтымақтастық кезеңдері:

«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» (KPI) ЖШС

- 2018 жыл - CNCEC бас мердігерімен және қосалқы мердігерлік ұйымдармен («Еламан Групп» ЖШС, «ҚазТурбоРемонт» ЖШС және т. б.) ынтымақтастық;
- 2023 жыл — «KPI» ЖШС, «SGS Kazakhstan» ЖШС зертханасы және мердігерлік ұйымдарды қоса алғанда, Интеграцияланған газ-химия кешеніне (ИГХК) қызмет көрсету.

«Karabatan Utility Solutions» (KUS) ЖШС

- 2019 жыл — құрылыс кезінде бас мердігердің мердігерлік ұйымдарымен ынтымақтастық («Bazis Construction» ЖШС);

- Пайдалану кезеңінде - бу-газ-турбиналық электр станциясы мен сарқынды суларды тазарту және су дайындау объектілеріне қызмет көрсету.

Silleno

- 2025 жыл — зауыт құрылысы кезеңінде Técnicas Reunidas және Tecnimont бас мердігерлерімен, сондай-ақ мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдармен (CNCEC, WDC, InterTasco, EuSS және т.б.) ынтымақтастық;
- Қазіргі уақытта кәсіпорынның өнеркәсіптік пайдалану кезеңіндегі өзара іс-қимыл мәселелері пысықталуда.

«ҰИМХТ» АЭА қатысушыларымен ынтымақтастық «West Dala» ЖШС үшін стратегиялық маңызды болып табылады және Қазақстанның ірі мұнай-газ-химия кәсіпорындары тарапынан көрсетілген сенімді дәлелдейді. Компания қалдықтарды басқару саласында сенімді әрі заманауи шешімдерді ұсына отырып, жұмыстардың өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздіктің жоғары талаптарына сай орындалуын қамтамасыз етеді.



БІЛІМ



Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне орай НКОК Н.В. компаниясы бизнес-серіктестер, өндірістік алаңдар мен бөлімшелер арасынан 20 команданы біріктірген Safety Quiz онлайн-ойынын

Атырау облысында талантты жастарды қолдауға және олардың ғылыми-зерттеу әрі өнертапқыштық әлеуетін дамытуға бағытталған «Инновациялық идеялар» байқауы өтті. West Dala компаниясының мамандары — эколог Айнагүл Сагиева мен бас технолог Минара Масәлімова сараптамалық қазылар алқасының құрамына шақырылды. Байқау финалына 45 жоба шықты. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы келесі бағыттар бойынша жеңімпаздарды анықтады:

- «Экология. Денсаулық» — Рамина Досжан, НЗМ-нің 11-сынып оқушысы, «JasyZhol» экологиялық мобильді платформасын ұсынды. Жоба жасанды интеллект көмегімен қоқысты заңсыз тастау мәселесін шешуге бағытталған: жүйе қалдықтардың түрін анықтайды, оларды сұрыптау бойынша ұсыныстар



14 сәуірде Х. Досмұхамедов атындағы университетте «Қалдықтар мен төгілулерді басқару» тақырыбында дәріс өтті. West Dala компаниясының экологтары Айнагүл Сагиева мен Ислам Сағынбаев студенттермен мазмұнды кездесу өткізіп, қалдықтармен экологиялық жауапты

өткізді. Іс-шара Қауіпсіздік айы аясында НКОК Н.В. компаниясының ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ Директоратының тиісті департаментімен ұйымдастырылды.

Әр команда 5 қатысушыдан құрылды және 7 раундтан өтті:

- 50% сұрақ — еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша;
- 50% сұрақ — жалпы тақырыптар бойынша.

Бұл жай ғана викторина емес, білімнің, реакция жылдамдығының және командалық жұмыстың шынайы сынағы болды.

береді және картадағы ластану орындарын белгілейді.

- «Әлеуметтік жобалар. Өнертабыстар» — Имаш Амангелдин, «Білім-Инновация» лицейінің 10-сынып оқушысы, нашар көретін және зағип жандарға арналған «SmartSightCap» құрылғысын ұсынды. Әзірleme Arduino платформасына негізделген: ультратыбыстық сенсорлардың көмегімен құрылғы кедергілерді анықтайды және пайдаланушыны дыбыстық сигналмен ескертеді.

- «Инновациялық стартап» — «Білім-Инновация» лицей-интернатының оқушылары Айша Мерекеқызы мен Бибінұр Ғабдыжан «Angel Band» жобасын ұсынды. Әзірleme кенеттен болатын нәресте өлімі синдромының алдын алуға бағытталған: ақылды білезік баланың өмірлік маңызды

жұмыс істеудің негізгі қағидаттарын ашты. Қауіпсіз кәдеге жаратудың заманауи тәсілдері, экологиялық жүктемені азайту және бизнестің тұрақты ортаны қалыптастырудағы рөлі басты назарда болды.

Практикалық бөлім ерекше қызығушылық тудырды. Студенттерге төгілулерді жедел жою үшін қолданылатын ЛАРН жиынтығының жұмысы көрсетілді. Қатысушылар процесті көріп қана қоймай, сонымен қатар нақты жағдайлардағы іс-қимыл алгоритмдерін — оқшаулаудан бастап салдарын толық бейтараптандыруға дейін терең түсіне алды.

«West Dala Team» командасын өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау Департаментінің басшысы — команда капитаны бастаған Баутино жобасының қызметкерлері таныстырды. Біздің әріптестеріміз сенімді әрі үйлесімді ойын өрнегін және дайындықтың жоғары деңгейін көрсетіп, іс-шараның ең жарқын қатысушыларының бірі болды. Мұндай бастамалар қауіпсіздіктің формальдылық емес, білім, белсенділік және командалық рух арқылы қалыптасатын терең мәдениет екенін тағы бір мәрте дәлелдейді.



көрсеткіштерін бақылайды және қауіп төнген жағдайда дәрігерлерге автоматты түрде хабарлайды.

Байқаудың жалпы жүлде қоры 4 млн теңгені құрады, бұл жас өнертапқыштарға өз жобаларын дамытуды жалғастыруға мүмкіндік береді.

Дәріс интерактивті форматта — жанды диалогпен, кейстерді талдаумен және саланың нақты міндеттерін талқылаумен өтті. Студенттер процеске белсенді қатысып, нақты сұрақтар қойып, шағын-сессиялар кезінде білімдерін тексерді. Ең белсенді қатысушылар естелік сыйлықтармен марапатталды.

Мұндай кездесулер — жай ғана тәжірибе алмасу емес, жаңа заманның экологиялық сын-тегеуріндеріне лайықты жауап бере алатын болашақ мамандардың кәсіби ойлау жүйесін қалыптастыруға қосқан маңызды үлес.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ



Халықаралық балаларды қорғау күніне орай 1 маусымда West Dala компаниясы Атырау облысы Махамбет ауданы Бейбарыс ауылдық округінің балаларына қайырымдылық көмек көрсетті. Жиырма бес балаға әрқайсысы номиналы 25 000 теңге болатын «Балалар әлемі» дүкеніне сыйлық сертификаттары табысталды.

Балалар — біздің болашағымыз, үмітіміз бен шабытымыз. Компания өскелең ұрпақ үшін бақытты және алаңсыз балалық шақ орнатуға өз үлесін қосқанына қуанышты. Барлық балаларға зор денсаулық, қуаныш, оқуда табыс, адал достар және ең асыл армандарының орындалуын тілейміз! Әр күн күлімсіреуге, жақсылық пен бақытқа толы болсын!

* * *

Құрбан айттың қасиетті мерекесіне орай «West Dala» ЖШС мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау қорының қамқорлығындағы отбасыларға қайырымдылық көмек көрсетті. Үш отбасы үшін ең қажетті өнімдерді қамтитын азық-түлік себеттері дайындалды: ұн, жарма, макарон өнімдері, өсімдік және сары май, сүт, жұмыртқа, тауық еті, жаңа піскен көкөністер мен жемістер, сондай-ақ

шай, кондитерлік өнімдер мен тәттілер.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар үшін қолдау мен назар аудару өте маңызды. Компания осы мереке күндері игі іске үлес қосуға және аздап болса да жылұлық пен қамқорлық сыйлауға қуанышты.



ДЕМЕУШІЛІК



«West Dala» ЖШС халықаралық аренада Қазақстанның атынан лайықты өнер көрсететін жас спортшылар мен спорттық бастамаларды қолдайды. Осындай мысалдардың бірі - Оразбай БекХан Махамбетұлының бокстан U15 & U17 Азия чемпионатына қатысуы. БекХан - бокстан Қазақстан жасөспірімдер құрамасының мүшесі және үлкен жарыстардың жүлдегері:

- 🏆 1-орын — 2024 жылғы Қазақстан Республикасының чемпионаты;
- 🏆 1-орын — 2024 жылғы Дінмұхаммед Қонаев атындағы мықтылар турнирінің жеңімпазы;
- 🏆 1-орын — 2024 жылы Al Ain (Әл-Айн, БАӘ) қаласында өткен Азия чемпионаты;

- 🏆 2-орын — 2026 жылғы Қазақстанның аймақтық чемпионаты;
- 🏆 2-орын — Қазақстан Республикасының чемпионаты;
- 🏆 3-орын — 2026 жылғы Ташкент қаласында өткен U15/U17 Азия чемпионаты.

Азия чемпионатында спортшы Қырғызстан, Таиланд және Иордания өкілдеріне қарсы үш жекпе-жек өткізіп, жоғары дайындық деңгейін және нағыз жауынгерлік мінезін көрсетті. Компания спортты және жас ұрпақты қолдау - бұл елдің мықты, мақсатты және табысты болашағына қосқан үлесі екеніне сенімді.